

## Үндістандағы касталық жүйеге құқықтық норма жүйесінің әсері

Д.С.Таубалдиева, Б.А.Әліпбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: ashakipchak@mail.ru

**Түйін.** Берілген мақала Үндістандағы құқықтық норма жүйесінің касталық жүйеге әсер етуін талқылайды. Касталық құрылым жайлы тақырып қазіргі кезде өте маңызды. Құқықтық жүйе мемлекетте азаматтың құқықтық нормасын анықтайды. Қазіргі Үндістан мемлекетіндегі орын алып жатқан касталық жүйе әрбір үнді азаматын өз құқығынан шектейді. Дискриминация әрдайым мемлекет өсуіне кері әсерін тигізеді. Заң, жаңаланған құқықтық нормалардың қабылдануы, Үндістан мемлекетіндегі ескі үнді құқықтық нормаларын түпкілікті жоймаса да, біртіндеп дәстүрлі салттардың қолданысын шектеп келуде.

Қазіргі таңда екі жүзден астам елде, дамыған және дамушы мемлекеттерде қоғам қарым-қатынасын қадағалаушы құқық жүйесі бар. Әр мемлекеттің өзіне тән шартты факторлармен белгіленген құқық ерекшелігі болады, сондықтан да мемлекет ішінде өзіндік сипатымен ерекшеленген әр түрлі құқықтық құрылымдар орнатылған.

Бұл тақырып қазіргі таңда өте маңызды, себебі кеше ғана бір құқық жүйесіне жататын тез қарқынмен дамитын мемлекеттер саяси және экономикалық өзгерістерді бастан кешіп, қазір олардың негізгі ерекшелендіретін құқық жүйесін білу қажет.

Мысалы, Ауғанстан діни құқық жүйесіне негізделген, бірақ қазір роман-германдық құқық жүйесінен құрылған мемлекет кейпіне көшуде. Ресей де социалистік догмадан және оның бірталай құқықтық жүйесінен бас тартып, соттық құқық жүйесін жүргізуде, бұл роман-германдық құқық жүйесіне біртіндеп көшу негізін көрсетеді. Ал бұл сәтте Куба, КХДР, Вьетнам секілді мемлекеттер социалистік құқық жүйесін ұстанып өмір сүріп келуде. Осы және басқа да мемлекеттермен құқық негізінде қарым-қатынас дұрыс жүргізу үшін, сол мемлекеттің құқықтық жүйесін білу міндет. Бұл сұраққа қазіргі таңда көптеген ғалымдар көңіл аударуда, олардың арасында: Давид Рене, В.В. Лазарев, В.С.Нерсисянц, А.Х. Саидов, С.С. Алексеев және тағы да басқалар [1, 89 б.].

Мақаладағы құқықтық жүйенің типология-

сын көрсету маңызды орынды алады. Классификацияның, менің ойымша, бірінші орынға шығу себебі жайдан жай емес, бұл құқықтану ғылымының негізгі мәселесі ретінде алға шықты. Сондықтан да, әр мемлекеттің құқықтық жүйесін талқылап, салыстыра жүргізілген анализ мақсатқа негізделген жұмыс қорытындысын көрсетеді деп ойлаймын.

Ғалымдардың жалпы ойға келіп, құқықтық жүйені классификациялау кезінде, мына жүйелер белгіленді: роман-германдық, ағылшын-америкалық құқықтық жүйе, социалистік және діни-салт дәстүрлерге негізделген құқықтық жүйе.

Социалистік құқық жүйесі роман-германдық құқық жүйесінің кейбір сипатын сақтап келеді, бұл жақтағы құқық нормасы жалпы тәртіп ережесі ретінде қарастырылады [2, 102 б.]. Ал ескі үнді құқық жүйесі индуизм дінінің негізінде құралған және де үнді қауымдастығындағы, касталық орта жүйесінде тәртіпті қадағалап тұрады. [3, 85 б.]. Бұл Үндістанның құқық жүйесі болып есептелмейді, ол Пәкістан, Бирма, Сингапур, Малайзия және Үндістан елдеріндегі қауымдастықтардың қолданылатын құқық жүйесі, бұдан басқа Африканың оңтүстік жағалауларындағы индуизм дінін ұстанатын қауымдастықтардың ұстанатын құқық жүйесі болып есептеледі. Ислам діні секілді, индуизм діні де өз жақтаушылар, ізбасарларын дүниеге деген көзқарасының дұрыстығын қажет етеді және дінді қабылдау кезінде белгілі діни ұстанымдардың болуын талап етеді.

Үнді құқығының басты сипаты – оның дінмен тығыз байланыстығы. Ол индуизм дінінің өзгермес бөлігі, оның ішіне құқықпен қатар әр түрлі діни сенімдер мен салт-дәстүрлер кіреді, моральдық философиялық байлық, ол қоғамдағы өмірді немесе әлеуметтік ұйым ішіндегі тәртіпті реттеп отырады.

Индуизм дінінің сенуі бойынша адам баласы тумысынан әлеуметтік иерархиялық категорияларға бөлінеді және олардың әрқайсысының парызы мен құқықтық жүйесі бар. Осыған сәйкес әр адам өзінің әлеуметтік кастасының ережесіне сай жүруге міндетті. Тәртіп реттеушісі ретінде салт-дәстүр ұғымы ғана әсер ете алады. Әр каста немесе каста ішіндегі қауым өзінің салт-дәстүрі бойынша жүреді. Каста жиналысы дауыс жинау арқылы үлкен дауларды, мәселелерді шешеді, әрине бұл кезде қоғам пікірі басты орынды алады.

Касталық жүйедегі ең ауыр жаза ол кастадан аластау болып табылады. Егер де белгілі қауымдастықта немесе кастада белгілі сұрақ бойынша құқық нормасына сәйкес жауап табылмаса, сот үкімі әділ және ұят жолымен шешеді. Үкімет мемлекетте заң жүргізе алады. Соттық прецедент және заң шығарушы орган құқық жүйесінің негізі бола алмайды.

Егер белгілі іс бойынша мәселе көтерілген жағдайда сот заң болса да, қатал шешім қабылдауға құқысы жоқ. [4, 125 б.]. Ол барынша мәселенің басын әділ жолмен шешіп, билігін қолдану қажет. Үнді құқықтық жүйесі ағылшын отаршылы кезінде сот шешімі негізінде жүрмеді. Заң шығарушы орган орнына сот тәжірибесі де қолданыла алған болатын.

Ағылшын билігі кезінде үнді құқықтық жүйесі бірталай өзгешеліктерді бастан кешті, оның қолдану сферасы кеміді, бірақ мұрағат, неке, каста секілді дәстүрлі институттардың мәселесі әдеттегідей үнді құқықтық жүйе негізімен шешілген.

Үнді құқықтық жүйесінің даму негізіне ағылшын әкімшілігінің заң шығару органы мен жалпы норма құқықтары қатты ықпалын тигізді. Осылай үнді құқығындағы касталық дискриминация, жесір әйелдердің өзін-өзі өртеу мәселелері тыйымға салынды.

Ағылшындардың түпкілікті үнді құқық жүйесін өзгерте алмауы, ағылшын-үнді құқы-

ғының пайда болуына алып келді. Салт дәстүр нормасына еніп кеткен каста секілді жүйе өз шеңберінен шыға алмады. 1947 жылы өз тәуелсіздігіне қол жеткізген Үндістан үнді құқық жүйесін модернизациялау жолына көшкен болатын. Салт дәстүр мәселесіндегі жайттарды өзгертетін заңдар қабылданды.

1950 жылдардағы қабылданған Конституция касталық бөліну дискриминациясына тыйым салды. 1955 жылғы Неке туралы заңда неке және ажырасу секілді құқықтық нормасына жаңашылдықтар енгізілді. 1956 жылғы Мұрагерлік туралы заңда әйелдердің мүлікке ие болу құқығын орнатты. Бірақ ескі құқық жүйесін модернизациялау ұзақ әрі қиын процесс болып табылады, сондықтан да 1950 жылда қарастырылған мемлекет халқының бірыңғай азаматтық-құқықтық статусын көрсететін Азаматтық кодекс әлі де қабылданбаған.

Жаңартылған үнді құқық жүйесі дегенмен де бірталай дәстүрлі қауымда жүргізілетін нормаларды өзгерте қоймады, оның ішінде касталық жүйе қазіргі модернизацияланған Үндістанда орын алып келуде.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда үнді құқық жүйесінде бірталай кодификациялар жүргізілген. Конституцияның 141-бабына сәйкес соттар жоғарғы сот шешімі бойынша ең алдымен заңға және прецеденттерге бағынады. [5, 55 б.]. Ағылшын отаршылдығы есебінен болар, қабылданған заң, модернизациялау процесі Үндістанға түпкілікті өзгертулер алып келмесе де, касталық жүйенің халық арасында қолданыста жүргізілмеуіне әсерін тигізді. Дегенмен де, ескі үнді құқық жүйесі балаларды асырап алу, неке, мүлік мұрагері секілді нормаларды әлі де қолданады. Заңда жаңашылдықтардың енгізілуі болашақта касталық жүйені өзгертумен келсе де, алдымен халық көзқарасын жаңашылдыққа бой алдыру қажет, бұл мәселедегі ең маңызды сұрақ осыдан туындауда. Ал заң, мемлекет қайраткерлерінің қолданып жатқан істері себепші болып, касталық жүйе секілді әр азаматқа тиесілі болған құқықтық нормасынан ажыратады, теңдей құқыққа ие болу керек азаматтар дискриминацияға ұшырайды. Қазіргі Үндістан мемлекеті өз азаматтарының құқықтық норма жүйесін қадағалау үшін, алдымен халықтың касталық мәселесіне қатысты надандығын жою

кажет. Үндістан халқының өз премьер-министрі касталық жүйені апартеид жүйесімен салыстырады, бұл салыстыру мемлекет үшін ең төменгі сатыны көрсетеді.

Дегенмен, қазіргі таңда дамыған алдыңғы қатарлы мемлекет арасына қосылып, экономикасы, инфраструктурасы, мәдениеті дамып келе жатқан Үндістан халқы касталық жүйеге әдеттегі тұрмыс-тіршілікте мән бермейді, бірақ ауқатты отбасылар өздерінің балаларын атастыру кезінде, қай кастаға жататындығын сұрайды және қай жерде білім алып, қай жерде жұмыс жасайтындығын да сұрайды, әрине жоғарғы каста мүшесіне жататын адам, шетелде жақсы білім алған, ал төменгі каста мүшелері кастасының себебінен жұмыстан айырылған немесе кастасының себебінен жұмысқа алынбаған, осыдан келе оқу, жазу мәселесіне шорқақ болады. Үндістанда касталық жүйе әсерінен халық арасында жазу мен оқуды білмейтін адамдар саны көбеюде және де халық арасында айтылатын айта кетерлік жайт, төменгі каста адамы қанша талпынып, байлыққа жол тартса, ол кармасы бойынша кедей болды және өмір бойы кедей кейпінде өмір сүреді. Халық арасында таралатын надан ойдың кесірінен халық касталық жүйеге сенуде және оның жалғасын тауып, жойылмауына себепші. Қазіргі Үндістандағы касталық жүйеге сан түрлі әсер ететін фактор күші, ол – халық сенімінің ескілігі, саяси партиялардың өз пайдасы үшін асыратын жошпарлары, индуизм дінінің ерекшелігі, халықтың кармасына сену мәселесі, міне осы факторлар ел Конституциясы болсын, бекітілген құқық жүйесі болсын, өз жалғасын тауып келеді. Касталық жүйені зерттеу, талқылау қазіргі таңда көптеген ғалымдарды қызықтырып отыр, бұл мәселе ендігі жолы ғылыми зерттеу сатысына көшкенін білдіреді. Үндістандағы касталық жүйені жаңа зерттеу тәсілдерін қолдану арқылы зерттеу, Үндістан мемлекетін жан-жақты және тереңдей зерттеуіне жол ашты. Әлеуметтік-мәдени аймақтарды зерттеу касталық құрылымдардың аймақтық ерекшеліктері касталық құрылым жүйесінің эволюциялық зерттеуіне кең көлемдегі нәтижелер берді.

Ескі үнді құқық жүйесі касталық жүйенің әсерінен жойылмай қолданып келуде, жаңа құқықтық нормаларға сай елде жаңа ережелер аумағында белгілеген тәртіп жүйесі жекеленуде. Конституция бойынша касталық дискриминация тоқтатылған, бірақ халық арасында таралған ескі салт-дәстүрлер себебінен, касталық бөліну принципі сақталған.

Заң бойынша теңсіздік тек ерте заманда қатты ұстанды. Уақыт өте келе касталық құрылымды өз пайдасына пайдаланған саясаткер бірқатар жеңістерге жетті немесе жеңілді. Касталық құрылымды зерттеу қазіргі таңда көптеген мамандарды қызықтыруда. Себебі Үндістан өзінің ежелгі тарихымен, әлі де сақталып қалған дәстүрлерімен әр қашанда адамды қызықтырады. Қазіргі таңда, елде Конституция бойынша дискриминацияны шегеру туралы заң қабылданса да, азаматтық кодекс қабылданбаған, үнді халқының ғасырлар бойы сақталған салт-дәстүрі кесірінен, касталық құрылым әлі де жалғасын тауып келеді. Тәуелсіздігін алған мемлекет 1947 жылдан бері бірқатар жаңашылдыққа көшкен, жесір әйелдердің тағдыры жайлы қатаң заңдарды алып тастау туралы айтылды, әйелдердің мұрагер болуға құқығы бар екендігі туралы заңда айтылған. Зерттеу жұмысын жүргізе отыра, түйіндеген жалпы ойым, касталық құрылым қазіргі таңда бизнес аймағында, дамыған қала, заманауи түрде дамыған ортада аздап, кейде мүлдем де еленбейді, бірақ миллиардтаған халқы бар Үндістан, ең алдымен, мәдениетін, дінін құрметтеген мемлекет.

### Әдебиеттер

1. Давид Р. Основные правовые системы современности. – М., 1988.
2. Правовая система социализма: Книга 1, раздел 1. – М., 1986.
3. Крашенникова Н.А. Индусское право: история и современность. – М., 1982. – С.234.
4. Общая теория государства и права: учебник / под ред. В.В. Лазарева – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Юристъ, 1999. – С. 323.
5. Конституция Индии. 1950 год.

**Д.С. Таубалдиева, Б.А. Алипбаева**

**Влияние норм правовых систем на кастовую систему в Индии**

Данная статья рассматривает влияние норм правовых систем на кастовую систему в Индии. Тема кастовой системы в Индии по сей день остается актуальной. В настоящее время Индия, казалось бы, стала избавляться от пережитков старого времени. Вместе с тем на фоне экономического и социального возрождения проблемы общественного уклада остаются актуальными и злободневными. Правовые нормы должны определять право каждого гражданина страны. Однако дискриминация в социальных слоях страны все еще имеет место быть. Принятие закона, норм правовых систем не исключает полностью старые традиционные правовые нормы, но постепенно будет исключать способность к употреблению.

**D.S. Taubaldieva, B.A. Alipbayeva**

**The influence of the norms of legal systems in the caste system in India**

This article is dedicated to the influence of the norms of legal systems in the caste system in India. Subject caste system in India is relevant. Legal rules should determine the right of every citizen. At this time, the problem of caste system reduces the rights of every citizen of India. In developing countries, the discrimination of the people will always affect the opposite way. Adoption of the law, rules of legal systems does not eliminate all the old traditional legal rules, but will gradually eliminate the ability to use.